2024 жылғы қаңтар-қарашадағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімдерін өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-қараша кезеңінде 93,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен ***26,5%-ға*** жоғары. Қарастырылып отырған кезеңде саланың НКИ көрсеткіші **112,8%** құрады.

НКИ ұлғаюы тауарлардағы өндіріс көлемінің ұлғаюымен байланысты: өзге де жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (кереуеттер мен шкафтардан басқа) *41,6%*-ға; ағаштан жасалған кеңсе жиһазы *11,4%-ға* ұлғайды.

Жиһаз өнімдерін **тұтынудың ішкі нарығы** 2024 жылғы қаңтар-қазан айларында **535,8 млн. АҚШ** долларын құрады. 2024 жылғы қаңтар-қазанда отандық өндірістің үлесі **31,0%** құрады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің **экспорт көлемі 2024 жылғы қаңтар-қазанда 12,4 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **11,4%-ға** жоғары**.**

2024 жылғы қаңтар-қазанда жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлем мынадай тауарларға тиесілі болды: өзге де металл жиһаз *(4 853,6 мың АҚШ доллары),* төсекке түрлендірілетін немесе түрлендірілмейтін отыруға арналған жиһаз және оның бөліктері *(1 043,1 мың АҚШ доллары),* отыруға арналған өзге де жиһаз *(914,4 мың АҚШ доллары),* пластмассадан жасалған жиһаз *(810,9 мың АҚШ доллары),* басқа да ағаш жиһаз *(807,1 мың АҚШ доллары),* мекемелерде қолданылатын металл жиһаз *(755,9 мың АҚШ доллары)* және т.б.

Жиһаз өнімдері экспортының көлемі Ресейге *(44,5% немесе 5 524,5 мың АҚШ доллары)*, Өзбекстанға *(19% немесе 2 364,6 мың АҚШ доллары)*, Қырғызстанға *(16,3% немесе 2 020,2 мың АҚШ доллары)* және т.б. жіберілді.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің **импорты 2024 жылғы қаңтар-қазан** айларында **370 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **21,2%-ға** жоғары.

Тауар құрылымында импортталатын жиһаз өнімдерінің ең көп көлемі мынадай тауарларға тиесілі: өзге де ағаш жиһаз *(72 994,7 мың АҚШ доллары),* өзге де металл жиһаз *(53 762,2 мың АҚШ доллары),* өзге де ағаш қаңқалы отыруға арналған жиһаз *(33 007,6 мың АҚШ доллары),* жатын бөлмесінің ағаш түріндегі жиһаз *(29 906,5 мың АҚШ доллары),* жиһаз, өзге де жиһаз және оның бөліктері (22 122,2 мың АҚШ доллары*)* және т.б.

Импортталатын жиһаз өнімдерінің негізгі көлемі Ресейден *(118,4 млн. АҚШ долларына немесе 32,0%-ға)*, Қытайдан *(82,0 млн. АҚШ долларына немесе 22,2%-ға)*, Түркиядан *(35,7 млн. АҚШ долларына немесе 9,7%-ға)*, Беларусьтен *(30,5 млн. АҚШ долларына немесе 8,3%-ға)*, Италиядан *(26,3 млн. АҚШ доллары немесе 7,1%).*


Аумақтық бөліністе жиһаз компаниялары елдің барлық өңірлерінде орналасқан. Бірақ еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 24,4%-ы Алматы қаласында *(22,8 млрд. теңге)* өндірілетінін атап өту қажет.

QazIndustry

МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-ноябрь 2024 г.

93,4
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для столовой и гостиной
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)

112,8%
ИФО

$12,4
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

$370,0
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-октябрь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz